


БЕКІТЕМІН

«Қарағанды облысында
білім беруді дамытудың
оқу-әдістемелік орталығы»

ҚМҚК директоры

 Б.Х. Абдикерова

«22» 12 2021 ж



Қарағанды облысы педагогтерінің «XXI ғасырдың дағдылары»: білім берудегі жаңа тенденциялар» атты ғылыми-тәжірибелік конференцияның ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

Ғылыми-тәжірибелік конференция (бұдан әрі - ФТК) Қарағанды облысында білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының 2022 жылға арналған іс-шаралар жоспарын орындау үшін өткізіледі және педагогтердің зерттеу және шығармашылық жұмыстарының қорытындысын шығаратын ұйымдастыру формасы болып табылады.

2. Конференцияның мақсаты мен міндеттері

2.1. Конференция мақсаты: XXI ғасыр құзыреттері мен дағдыларын дамытуға бағытталған инновациялық үлгілерді, бағдарламаларды, технологиялар мен инновацияларды, тиімді тәжірибелерді енгізудің өзекті мәселелерін талқылау.

2.2. Міндеттері:

- XXI ғасыр дағдыларын қалыптастыру және дамытудағы инновациялық тәжірибенің өнімді педагогикалық тәжірибесін анықтау және тарату;
- XXI ғасырдағы дағдыларды дамытудағы проблемаларды шешу процесінде педагогтардың тиімді кәсіби өзара әрекетін қамтамасыз ету үшін ақпараттық кеңістікті қалыптастыру;
- XXI ғасыр дағдыларын дамытудың заманауи тетіктерін іздестіру, білім беру үдерісінің сапасын арттыру және оқушылардың біліміндегі жоғалтулардың орнын толтыру үшін облыс мұғалімдерінің тәжірибесін тарату;
- мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін дамытуға ықпал ету;
- оқу процесіне инновацияларды енгізу бойынша тәжірибе алмасу;
- педагогтерді өз бетінше білім алуға және өзін-өзі кәсіби дамыту үдерісіне жұмылдыру.

3. Конференцияның негізгі бағыттары:

- Білім сапасы: заманауи мектепте табысты менеджмент құралдары;
- XXI ғасыр құзыреттері мен дағдыларын дамытуға бағытталған тиімді тәсілдер мен инновациялық технологиялар;
- Бастауыш сыныпта XXI ғасыр дағдыларын дамыту;

- Болашақ мұғалімі: цифрлық сауаттылық және soft skills;
- Орта білім берудегі трендтер;
- Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту;
- «Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асыру;
- «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қағидаларына негізделген тәрбие жұмысының қазіргі заманға сай әдістері.

4. Конференцияға қатысушылар

Қатысуға қалалық және аудандық әдістемелік кабинеттердің әдіскерлері, білім беру ұйымдарының директорлары, пән мұғалімдері, тәрбиешілер, педагог-психологтер, әлеуметтік педагогтер, кітапханашылар, сынып жетекшілері шақырылады.

Конференция жұмысының қорытындысы бойынша қатысушылардың электрондық мақалалар жинағын шығару жоспарлануда. Бір қатысушы тек бір мақаланы жариялай алады.

5. Конференцияның ұйымдастыру комитеті

5.1. ҒТК-ны дайындау мен өткізуге жалпы жетекшілікті Қарағанды облысында ББД ОӘО әдістемелік кеңесі жүзеге асырады және мына құрамда ұйымдастыру комитеті құрылады:

Абдикерова Б.Х., ББД ОӘО директоры – төраға,
 Копбаева Г. С., ББД ОӘО директорының орынбасары – төраға орынбасары,
 Ұйымдастыру комитетінің мүшелері:
 Қонтаев С.С., ББД ОӘО ғылыми кеңесшісі,
 Аринов Е. Р., ББД ОӘО директорының орынбасары,
 Мукашева Г. Г., МДЖЖОББ бөлімінің меңгерушісі,
 Сартаева Ж.А., ИОТЖЭББ бөлімінің меңгерушісі,
 Сулейманова Г.О., әдіскер,
 Тулепбекова С. К., әдіскер,
 Жаркеева Г. Б., әдіскер,
 Төлеубаева Г. А., әдіскер,
 Дауыпбаева У. Т., әдіскер,
 Илюхина Т. М., әдіскер,
 Какенбекова А. А., әдіскер,
 Молдабекова А.А., әдіскер,
 Қали А.А., әдіскер.

5.2. Ұйымдастыру комитеті ҒТК дайындау және өткізу бойынша іс-шаралардың орындалуын анықтайды және бақылайды, оның нәтижелерін жинақтайды және талдайды, конференция қорытындысын БАҚ-та, оқу-әдістемелік орталық сайтында жариялануын жүзеге асырады.

5.3. Ұйымдастыру комитеті ұсынылған материалдардың ғылымилық, логикалық және тәжірибелік маңыздылығын анықтауға арналған сараптамалық топ қалыптастырады, олардың жұмыс тәртібін анықтайды, конференцияға қатысатын жұмыстарды бағалау технологиясын бекітеді.

5.4. Сараптамалық топ конференцияға ұсынылған жұмыстарға талдау жүргізіп, пікір жазады, материалдарды жазу және безендіру мәселелері бойынша кеңес береді, ҒТК жинағына жариялау үшін мақалаларды іріктейді, конференцияға қатысушыларды анықтайды.

6. Материалдарды рәсімдеуге қойылатын талаптар:

6.1 Мақала көлемі: қазақ немесе орыс тілінде А4 форматта кестелер, суреттер және графиктерді қоса алғанда компьютерлік мәтінде 4 бетке дейін. Жиегі – барлық жағынан да 2 см.

6.2 Автор(лар)дың аты-жөні, ұйымның атауы, қала/аудан (шрифтiсі Times New Roman, KZ Times New Roman, курсив, кегль 14) атын парақтың ортасына орналастыру керек. (Үлгiнi қараңыз).

6.3 Мақаланың аты (шрифтiсі Times New Roman, KZ Times New Roman, жартылай қарайтылған, кегль 14, жазу әрiптерiмен) – парақтың ортасында. (Үлгiнi қараңыз).

6.4 Негiзгi мәтiн Times New Roman (кегль 14) шрифтiсiмен бiрлiк жоларалық интервал арқылы орындалады (Үлгiнi қараңыз). Негiзгi мәтiннiң азатжолдық шегiнiсi – 1 см; теңгерiлiмi – енi бойынша; мәтiндегi тасымалдардың орналасуы – автоматты түрде; беттерге нөмiрлеу қойылмайды.

6.5 Әдебиеттер тiзiмi – негiзгi мәтiннен кейiн (шрифтiсі Times New Roman, KZ Times New Roman (кегль 14)). (Үлгiнi қараңыз).

6.6 Суреттер *.bmp, *.tif, *.jpg, *.wmf форматтарында жiберiледi немесе Microsoft редакторына қойылады. Суреттердiң аты 12-шрифтiмен жүзеге асырылады, курсивпен ерекшеленедi, суреттiң астына ортасына жазылады.

6.7 Кестелер Microsoft Word-та қойылады, Microsoft Excel кестелiк редакторда немесе тiкелей Word-та орындалады. Кестелердiң аты 12-шрифтiмен жүзеге асырылады, курсивпен ерекшеленедi, кестенiң астына ортасына жазылады.

6.8 Формулалар MS Word Equation формулалар редакторында орындалады.

7. Мақалаларды бағалау критерийлерi

Материалдарды бағалау критерийлерi мыналар болып табылады:

- жұмыстың өзектiлiгi,
- мазмұнының конференция тақырыбына сәйкестiлiгi,
- зерттеушiлiк сипаты,
- тәжiрибелiк маңыздылығы,
- тақырыптың толық ашылуы,
- мазмұндау стилi,
- мақаланың құрылымы.

Бiр жұмысқа **екiден** артық емес баяндамашы бiрлескен автор болуына рұқсат етiледi. Безендiру талаптарына сай емес немесе жаңашылдығы және тәжiрибелiк маңыздылығы жоқ мақалалар қарастырылмайды. **ҒТК-ға бағытталған жұмыстар плагиатқа тексерiледi, мәтiннiң түпнұсқалығы кемiнде 60% болған кезде жариялауға рұқсат етiледi.**

8. Конференцияны өткізу шарттары мен мерзімі және қорытындысын шығару

8.1. ҒТК-ның бірінші кезеңі сырттай формада өткізіледі. Қатысушылар мақала мәтінін қатысуға деген өтініммен бірге nrk.2022@umckrg.gov.kz электрондық мекен жайына жіберулері керек.

8.2. Мақаланы электрондық жинақта жариялауға ұйымдастыру жарнасы конференцияға қатысу ресми расталғаннан кейін ғана 500 теңге мөлшерінде енгізіледі. Төлем УМС_ОК қосымшасы арқылы ББҚ ОӘО бухгалтериясына немесе Каспий-голдқа аудару арқылы жүргізіледі.

8.3. Автордың аты-жөні жазылған электрондық папка өтінім мен мақала мәтінін қамтуы керек. Құжаттар **2022 жылдың 14 ақпанға дейін** қабылданады.

8.4. Қатысуға өтінім жеке файлда MS OfficeWord форматында (сканерлеусіз) толтырылады, білім беру ұйымының мөрі талап етілмейді.

1. Тегі, аты, әкесінің аты толық;
2. Жұмыс орны;
3. Атқаратын лауазымы, ғылыми дәрежесі; (мысалы, физика мұғалімі)
4. жарияланатын жұмыс атауы;
5. Байланыс телефоны;
6. Электрондық мекен жайы.

8.5. Бірінші кезең қорытындысы бойынша өндеуден кейін мақалалардың электрондық жинағы шығарылады, оқу-әдістемелік орталықтың сайтында орналастырылатын болады.

8.6. Мақалалардың өңделуі 2022 жылдың 30 наурызына дейін жүргізіледі. Сараптама нәтижелерін әрбір қатысушы рецензия түрінде алады.

8.7. ҒТК-ның екінші кезеңінде пленарлық жиналыс, бағыттар бойынша секция мәжілісін өткізу жоспарланып отыр, олардың жұмысы әр түрлі алаңдарда ұйымдастырылады. Өтінім мен мақала мәтінін конференцияның редакция алқасының мекен жайына nrk.2022@umckrg.gov.kz электрондық поштасына жіберу керек.

Анықтама телефоны: 44-56-30 – ҒТК ұйымдастыру комитеті.

МАҚАЛАНЫ РӘСІМДЕУ ҮЛГІСІ

Воробьева Н.Н.

№ _____ ЖББОМ, Теміртау қ.



МАҚАЛА АТАУЫ

Негізгі мәтін. Негізгі мәтін. Негізгі мәтін. Негізгі мәтін. Негізгі мәтін.
Негізгі мәтін. Негізгі мәтін.

Әдебиет:

1. Авторы. Атауы. Басылым орны. Шыққан жылы.
2. Авторы. Атауы. Басылым орны. Шыққан жылы.

КЕЛІСІЛДІ

1. Копбаева Г. С., ББД ОӘО директорының орынбасары 
2. Аринов Е. Р., ББД ОӘО директорының орынбасары 
3. Мукашева Г. Г., МДжЖОББ бөлімінің меңгерушісі 